

Abstract. The issues of the use of working capital in agriculture of the Republic of Kazakhstan are considered, its features are determined. In contrast to the crop production, livestock production is characterized by a greater uniformity of investments, but the lack of a certain sequence of capital investments in production cycles was revealed in the livestock sub-complex. Based on the materials of various business entities, production specialization of livestock farms is analyzed, which significantly affects the receipt of revenue, its expenditure, as well as the advance value turnover. It has been determined that the peculiarity of using working capital in crop production is that the duration of the circular turnover in this area depends on soil, climatic and biological factors, the latter include the sowing quality of seeds, varietal characteristics of crops, the duration of the various stages of their cultivation. It has been determined that high efficiency and low cost of the used funds, aimed to finance economic activity, enable to conduct production process with a smaller volume, relatively small expenditure of material and labor resources, the increase in profitability of consumption of which is largely related to the level of labor discipline in a particular agricultural enterprise, as well as the development of the logistics component of management in agricultural sector. The authors conclude that special attention is required to the formation of market infrastructure and to ensure access to it by a mass producer of agricultural products.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, рынок, продукция сельского хозяйства, оборотный капитал, оборотные активы, инвестиции, материальные, трудовые ресурсы.

Keywords: agriculture, market, agricultural products, working capital, current assets, investments, material, labor resources.

Кәсіпорындардың қызметінің тиімділігі мен қаржылық жағдайы айналым қаражатының жай-күйіне байланысты, өйткені оларды пайдалану тиімділігі шығындар мөл-

шеріне әсер етеді, бұл өз кезегінде өнімнің өзіндік құнына және соның салдарынан кәсіпорындар қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер етеді. Сондықтан айналым қаражатын ұтымды пайдалану мәселелері ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметінің тиімділігін арттыру және қаржылық жағдайын нығайту жөніндегі шаралар жүйесінде маңызды орын алады. Кәсіпорындардың айналым қаражатын пайдалану тиімділігі бір жағынан айналым қаражатын пайдалануды көрсететін көрсеткіштермен, ал екінші жағынан айналым қаражаты сапасының көрсеткіштерімен сипатталады.

Ауыл шаруашылығында айналым активтерін пайдалану тиімділігі бірқатар ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Ішкі факторларға ұйымның стратегиясын, шаруашылық және баға саясатын, активтердің құрылымын, қорларды бағалау әдіс-темесін жатқызуға болады. Сыртқы факторлардың арасында ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау деңгейін, инфляция қарқынын, экономиканың нақты секторын несиелеу жөніндегі банк саясатын, өңірдің қаржы жүйесінің жай-күйі мен серпінін, географиялық орналасуын, өндіріс ауқымын, ұйым қызметінің саласын, салалық тиесілілікті атап көрсетуге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Бұл тақырыпты зерттеуде, ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін дамыту, аталған саладағы айналым қаражаттарын пайдалану ерекшеліктеріне байланысты шетелдік және отандық экономист ғалымдардың ғылыми еңбектері ілімдік және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Зерттеу мәселесінің әдіснамалық мәселелерін негіздеу және шешуде авторлар қазіргі экономикалық ілімнің негізгі ережелеріне сүйеніп, айналым қаражаттарының тиімділігін анықтауда салыстырмалы, жүйелі талдау тәсілдерін пайдаланды.

Ғылыми зерттеудің ақпараттық базасы ретінде еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы айналым қаражаттарын пайдалануға қатысты отандық және шетелдік жарияланымдар мен ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар материалдары, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, мерзімді басылым мақалалары қолданылды.

Зерттеу әдістері ғылыми абстракция және экстраполяция, индукция және дедукция әдістері болып табылды. Теориялық ережелерді негіздеу жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдерді, талдау және синтездеу әдісін, жүйелі және кешенді тәсілдерді қолдану негізінде жүзеге асырылды, ресми статистикалық материалдар мен интернет желісінің ақпараттық әлеуетінен басқа жеке бақылаулар мен ғылыми және тәжірибелік қызметтің қорытындыларының деректері пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Белгілі бір дәрежеде аграрлық секторда айналым капиталын қалыптастыру, оның шеңбер айналымы және пайдалану тиімділігі ауыл шаруашылығы өндірісінің саласына байланысты. Мәселен, өсімдік шаруашылығында түрлі өндірістік циклдарға айналым қаражатын салу бір мезгілде жүргізілмейді. Алдымен капитал бір өндірістік

циклде оны аяқтағанға дейін пайдаланылады, содан кейін келесі циклға қаражат салу басталады (ағымдағы және болашақ кезеңдердің өніміне арналған жұмыстар қатар орындалатын жағдайлардан басқа). Айналымдағы қаржы активтері, өндірістік салымдар және еркін қаржы айналымы ретінде пайдаланылатын аванстық қаржы ресурстары осы өндірісте циклдік жасауға мүмкіндік береді.

Өсімдік шаруашылығында айналым қаражатын пайдаланудың ерекше өзгешелігі осы саладағы шеңбер айналымының ұзақтығы топырақ-климаттық және биологиялық факторларға байланысты болып табылады [1].

Соңғылары тұқымдардың себу сапасын, өсімдіктердің сорттық ерекшеліктерін (пісу мерзімдерін, кебу мен ауруларға төзімділікті, себінділікті, тамыр жүйесінің даму сипатын), олардың дамуының әр түрлі кезеңдерінің ұзақтығын қамтиды. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы саласындағы өндірістік циклда айналымдағы еңбек заттары адамның еңбегінің қатысуынсыз табиғи факторлардың әсеріне ұшырайтын уақытты қамтитынын ұмытпауға болмайды. Бұл туралы өз уақытында К. Маркс айтқан болатын, ол өндіріс уақыты мен жұмыс уақыты арасындағы айырмашылық ауыл шаруашылығында, әсіресе егіншілікте көрінеді, өйткені мал шаруашылығында өндіріс уақыты (кәсіпорындар (ұйымдар) өндірісінің құралдары өндіріс сатысында болатын уақыт) және жұмыс уақытын (дайын өнім алу үшін еңбек құралдарының көмегімен адамның үздіксіз әсер етуіне жүзеге асырылатын уақыт) бөлуге болмайды, ол бір уақытта болады.

Өсімдік шаруашылығында, керісінше, егін егудің аяқталуынан және егін жинау басталғанға дейін өсімдіктердің өсуі мен дамуы, негізінен, табиғи факторлардың әсерінен болады, бұл осы саланың айналым активтерінің айналуының табиғи жағдайларына тәуелділігін түсіндіреді. Сондықтан, өсімдіктердің пісіп жетілу уақытының ұлғаюына немесе олардың солуына ықпал ететін қолайсыз табиғи жағдайлар болған жағдайда өндіріс саласына аванстық құнының белгілі бір массасын қосымша салу қажеттілігі пайда болады.

Өсімдік шаруашылығындағы өндіріс уақыты мен жұмыс уақыты арасындағы елеулі сәйкессіздік еңбек үдерістеріндегі жиі үзілістерге байланысты. Саланың бұл басты ерекшелігі айналым қаражатын ұымдастыруға айтарлықтай әсер етеді, ол арқылы біз айналым қаражаты жүйесін құру үрдісін түсінеміз.

Өсімдік шаруашылығындағы аванс құнының шеңбер айналымының бірінші сатысы өндірістік қорларда шоғырланған материалдық құндылықтарды сатып алу, өндірістің мұқтаждарына жеке еңбек заттарын пайдалану, сондай-ақ жалақы төлеуге арналған қаражатқа аванс беру болып табылады [2]. Бұл әрекеттер өндіріс үрдісін бастау үшін қажетті шарт болып табылады, осы кезеңде ақша қаражатын айналымның осы кезеңі үшін қажетті материалдық құндылықтарды ғана сатып алуға бағыттау орынды екенін атап өткен жөн, бұл көп жағдайда барлық айналым қаражатын пайдалану тиімділігінің деңгейін алдын ала айқындайды.

Айналым қаражаттарының шеңбер айналымының екінші сатысында (өндірістік) айналым үрдісі үзіледі, еңбек заттары өндірістік үдеріске қосылып, аяқталмаған өндіріс нысанына ие болады. Осы кезеңде айналым айналымға айналымдағы қаражаттың басты массасы енеді, ал ол аяқталғаннан кейін бұрын құрылған қорлар өзінің бастапқы табиғи нысанын жоғалтады. Өндірістік сатының аяқталуы дайын өнімді алуды білдіреді, оның шамасы табиғи және құндық мәнде өзге де тең жағдайларда бастапқы аванстық қаражатқа қарағанда міндетті түрде үлкен мөлшерге ие болуы тиіс, ұлғаю еңбекпен жасалған қосымша өнім есебінен жүреді.

Қорытынды, үшінші айналым кезеңінде өнімді сату жүзеге асады, сатып алушылармен есеп айырысу аяқталады және ақшалай қаражат түседі. Бұл ұдайы өндірістің қалыпты үрдісін қамтамасыз етеді: ақша қаражаты келесі шеңбер айналымын бастау үшін өзінің бастапқы нүктесіне қайтарылады. Айналым активтерін басқарудың дұрыс ұйымдастырылуына көп жағдайда ауыл шаруашылығы ұйымдарының өндірістік қызметінің нәтижелері байланысты [3].

Өсімдік шаруашылығына қарағанда, мал шаруашылығы үшін салымдардың үлкен біркелкілігі тән, алайда, мал шаруашылығында өндірістік циклге капиталды салудың белгілі бір тізбегі жоқ. Сонымен қатар, мал шаруашылығының әр түрлі салаларына айналым қаражатының қозғалысына әсер ететін ерекше белгілер тән. Мал шаруашылығы ұйымдарының өндірістік мамандануы түсімінің түсуіне, оның жұмсалыуына, сондай-ақ саладағы аванстық құн шеңбер айналымына айтарлықтай әсер етеді [4]. Мәселен, сүт мамандандыруы бар шаруашылықтарда жыл ішінде түсім бір-қалыпты түседі, ал айналым кезеңі басқа мамандандыруы бар мал

шаруашылығы ұйымдарына қарағанда қысқа болады. Етті мал шаруашылығымен, шошқа шаруашылығымен және құс шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарда да айналым ұзақтығы бірдей емес. Тауарлы шошқа және құс шаруашылығында қаражаттың айналым ұзақтығы қысқа, ал етті және асыл тұқымды мал шаруашылығында ұзақ болып табылады. Етті мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін шаруашылықтардың аяқталмаған өндірісінде, авансталған қаражаттар әдетте ұзағырақ болады (бірі-неше айдан бір жылға дейін және одан да көп). Біз Ақмола облысының әр түрлі мамандандырылуы бар мал шаруашылығы ұйымдарында айналым активтерін пайдаланудың тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргіздік (кесте).

Ұйымның іскерлік белсенділігі және оның қызметінде айналым активтерін пайдалану қарқындылығы соңғысының айналым коэффициенті неғұрлым жоғары болған сайын соғұрлым жоғары болады. Алайда, кестеде көрсетілгендей, айналымдылық салалық ерекшеліктерге байланысты болады. Айналым активтері айналымының неғұрлым жоғары жылдамдығы «Макинск құс фабрикасы» ЖШС-де байқалады, оның негізгі қызмет түрі ауыл шаруашылығы құстарын өсіру, сондай-ақ қосалқы өнімдерді қоса алғанда, құс етімен көтерме сауда болып табылады. 2018 ж. осы ұйымның айналым активтері 3,4 айналым жасады, бір айналым ұзақтығы 102 күнді құрады.

Бұл «Заря» ЖШС және «Бастау» ЖШС-не қарағанда тиісінше 146 және 161 күнге аз. «Заря» ЖШС қызметінің негізгі түрі шошқа өсіру, ал «Бастау» ЖШС – ірі қара малын асылдандыру болып табылады. Бұл ретте есептер 2018 жыл жағдайында ет құс шаруашылығында маманданған ұйымдағы қорлардың бір айналымының ұзақтығы, тек 15 күнді құрады, бұл тауар шошқа шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығына мамандандырылған ұйымдарға қарағанда тиісінше 13 және 14 есе аз. Құс фабрикасының қаржылық циклінің ұзақтығы басқа маманданған мал шаруашылығы ұйымдарына қарағанда үш есе қысқа болды. Сонымен қатар, дебиторлық берешек айналымының көп саны «Бастау» ЖШС сатып алушылардан төлемдердің неғұрлым тиімді жиналғанын көрсетеді. Ұқсас мамандануы бар бір саладағы ұйымдардың айналымдылық коэффициенттерінің салыстырмалы талдауы активтерді басқару тиімділігінің қазіргі айырмашылықтарын көрсете алады.

Көрсеткіштер	«Бастау» ЖШС (асыл тұқымды мал асырау)	«Заря» ЖШС (шош- қа асырау)	«Макинск құс фабрикасы» ЖШС (құс өндіру)
Айналым активтерінің айналым коэффициенті	1,3	1,6	3,4
Айналым активтерінің бір айналымының ұзақтығы, күн	263	248	102
Қорлардың айналым коэффициенті	1,5	1,6	21,2
Қорлардың бір айналымының ұзақтығы, күн	224	205	15
Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті	12,5	10,3	4,8
Дебиторлық берешектің бір айналымының ұзақтығы, күн	31	35	82
Қаржылық циклдің ұзақтығы, күн	227	202	70
Ескерту – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған			

дың, жануарларға арналған азықтың, биологиялық объектілерді қорғаудың химиялық құралдарының, отынның, техниканы жөндеуге арналған қосалқы бөлшектердің жетіспеушілігі өндіріс қарқынын тежеуге, ауыл шаруашылығы жұмыстарының уақтылы және толық орындалмауына, соның салдарынан өнімнің жетіспеуіне әкеп соғады. Сақтау және пайдалану үрдісінде айналым қаражатының осы және басқа түрлерінің шығындарын қысқарту өнімнің материал сыйымдылығын төмендетуге және негізгі өндірістің арзандауына ықпал етеді. Сондықтан да қорларды сақтау жағдайларын жақсарту өзекті мәселе болып табылады.

Өндірістік қордағы айналым құралдарының айналуын жеделдету мақсатында олардың тиісті сақталуын және бүкіл өндірістік процесс ішінде үнемді пайдаланылуын қамтамасыз ету керек. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығында айналым қаражатын тиімді пайдалану мәселесін шешуде оларды нормалауды жетілдіру маңызды мәселе болып табылады. Өнім бірлігін өндіруге айналым қаражатының шығын нормаларын уақтылы белгілеу және өзгерту еңбек заттарының ең аз және жеткілікті көлемін қамтамасыз етуге және өндірістік қорлардың үнемі жаңаруына ықпал етеді [5]. Керісінше, тұқымдар мен отырғызатын материалдардың, минералдық және органикалық тыңайтқыштар

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда аграрлық ұйымдардың ағымдағы қызметін қаржыландыру үлкен рөл атқарады. Айналым қаражаты меншікті қаражат есебінен де, қарыз қаражаты есебінен де қаржыландырылуы мүмкін. Сондықтан экономиканы дамытудың оң трендін қалыптастыру едәуір дәрежеде банк қызметтерінің қолжетімділік дәрежесіне байла-

нысты. Бұл ауыл шаруашылығындағы айналым активтерінің жетіспеушілігін жою үшін қажетті шарт болып табылады. Қазақстанның жекелеген банк құрылымдары қазіргі уақытта айналым қаражатын толықтыруға арналған түрлі несиелер мен несие желілерін әзірлеуде.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігі міндеттерін кезең-кезеңмен іске асыру халықты ұсынылатын медициналық нормалардан төмен емес көлемде азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету қажеттігінен және импорттық өнімді барынша ауыстыруға ұмтылудан туындайды. Азық-түлік қауіпсіздігі Қазақстанда ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады. Өйткені, бірде-бір ел халықтық тамаша тамақ өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандырмастан, ұлттық, соның ішінде экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін емес [7].

Қазіргі уақытта көп айтылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің меншікті өндірісін арттыру тауар өндірушілерде кеңейтілген қайта өндіруді жүзеге асыру үшін жеткілікті көлемде айналым қаражатымен өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігінің болмауымен ғана шектеліп отыр. Жағдай АӨК-нің жекелеген салалары арасында да, АӨК мен экономиканың басқа секторлары арасында да тауарлар мен қызметтерге бағалардың сақталып отырған теңсіздігімен күрделене түсуде. Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі ең төменгі деңгейде қалады – шамамен 1,5 млн теңге (бұл жыл ішінде бір қызметкер өндірген сома) немесе 4,5 мың теңге болып отыр [8].

Белгілі болғандай, баға теңсіздігі нарықтық экономикасы дамыған барлық елдерде байқалады, оның негізгі себептері сұраныс пен ұсыныстың әр түрлі икемділігіне және оларды жетілдіру салдарынан ресурстарға бағаның өсуіне байланысты соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өніміне бағалардың төмендеу беталысы болып табылады. Баға тепе-теңдігінің бұзылуы өндіріс кірістілігінің төмендеуінің негізгі себебі болып табылады. Сондықтан шетелдерде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі әзірленді. Мәселен, ЕО елдерінде фермерлердің кірісіндегі мемлекеттік субсидиялар 49%-ды, Норвегияда – 77%-ды, Финляндияда – 71%-ды, Швецияда – 59%-ды, Жапонияда – 66%-ды құрайды. Қазақстан Республикасында 2021 жылға дейін ауыл шаруашылығын қолдауға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген жалпы шығыстар барлығы 3 119,8 млрд. теңгені құрайды [9].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мемлекеттің аграрлық сектордың айналым активтерін қалыптастырудағы рөлі мыналардан тұрады: тыңайтқыштардың, тұқымның, жемнің, жанар-жағар майдың және т.б. ішкі нарығын қорғаудың тиімді бағдарламасын әзірлеу; ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау; ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік сатып алу қорын қалыптастыру; баға тепе-теңдігіне, мемлекеттік реттеу мен өзін-өзі реттеуді үйлестіруге, отандық тауар өндірушілерді ынталандыру мен қолдауға негізделген баға тетігінің пәрменді жүйесін құру. Сондай-ақ нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыруға, оған ауыл шаруашылығы өнімдерін жаппай өндірушіге қол жеткізуді қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажет [10].

Қолданылатын айналым қаражатының жоғары сапасы мен төмен өзіндік құны өндірістік үрдісті олардың аз санымен жүзеге асыруға, демек, материалдық-ақша және еңбек ресурстарының салыстырмалы түрде аз жұмсалуына мүмкіндік береді. Бұл ретте айналым қаражатының айтарлықтай елеулі бөлігі тікелей ауыл шаруашылығында құрылатындықтан, оларды пайдалану тиімділігін арттыру көбінесе нақты шаруашылық жүргізуші субъектідегі еңбек тәртібінің деңгейімен байланысты екенін ескеру қажет. Осыған байланысты шетелдерде қазіргі уақытта қызметкерлерді ұқыпты қарау, шикізат пен материалдарды үнемді пайдалану рухында тәрбиелеуге көп көңіл бөлінеді, бұл, әсіресе жапон фирмаларына тән. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру Қазақстан экономикасының аграрлық секторында да айналым активтерін пайдаланудың тиімділігін айтарлықтай арттыруға алып келеді.

Тұжырымдар.

1. Белгілі бір дәрежеде аграрлық секторда айналым капиталын қалыптастыру, оның шеңбер айналымы және пайдалану тиімділігі ауыл шаруашылығы өндірісінің саласына байланысты.

2. Өсімдік шаруашылығындағы өндіріс уақыты мен жұмыс уақыты арасындағы елеулі сәйкессіздік еңбек үдерістеріндегі жиі үзілістерге байланысты. Саланың бұл басты ерекшелігі айналым қаражатын ұйымдастыруға айтарлықтай әсер етеді, ол арқылы біз айналым қаражаты жүйесін құру үрдісін түсінеміз.

3. Өсімдік шаруашылығына қарағанда, мал шаруашылығы үшін салымдардың үлкен біркелкілігі тән, алайда, мал шаруашылығында өндірістік циклдарға капиталды

салудың белгілі бір тізбегі жоқ. Сонымен қатар, мал шаруашылығының әр түрлі салаларына айналым қаражатының қозғалысына әсер ететін ерекше белгілер тән.

4. Өндірістік қордағы айналым құралдарының айналуын жеделдету мақсатында олардың тиісті сақталуын және бүкіл өндірістік үрдіс ішінде үнемді пайдаланылуын қамтамасыз ету керек. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығында айналым қаражатын тиімді пайдалану мәселесін шешуде оларды нормалауды жетілдіру маңызды мәселе болып табылады.

5. Қолданылатын айналым қаражатының жоғары сапасы мен төмен өзіндік құны өндірістік үрдісті олардың аз санымен жүзеге асыруға, демек, материалдық-ақша және еңбек ресурстарының салыстырмалы түрде аз жұмсалыуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Самохвалова, А.Ю. Особенности управления оборотными средствами в сельском хозяйстве России [Текст] / А.Ю. Самохвалова, С.М. Клевцов // Таврический научный обозреватель.- 2016.- № 7.- С. 66–69.

2 Цугленок, О.М. Экономическое содержание оборотных средств в современных условиях [Текст] / О.М. Цугленок // Эпоха науки.-2018.- №16.-С. 151–153.

3 Губина, А.Ю. Оценка оборотных активов сельскохозяйственной организации в контексте формирования финансовой политики [Текст/ А.Ю. Губина // Экономика и бизнес: теория и практика.-2018.-№9.- С. 69-73.

4 Дмитриева, И.Ю. Модели эффективного управления оборотными активами в отраслях сельского хозяйства [Текст] / И.Ю. Дмитриева, В.В. Владимиров // Аграрный научный журнал.- 2015.-№ 3.- С. 81-84.

5 Управление прибылью и использование оборотного капитала в сельскохозяйственных организациях: коллективная монография /М.В. Шатохин. - Курск: Деловая полиграфия, 2016. - 126 с.

6 Герасименко, О.А. Проблемы управления оборотным капиталом организаций АПК [Текст] /О.А. Герасименко, Е.В. Гладченко, Ю.О. Смирнова // Экономика и предпринимательство. –2016. - №12. – С. 70-74.

7 Жолмұханова, А.Ж. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: мәселелер мен даму перспективалары [Мәтін] / А.Ж. Жолмұханова, Ә.Ж. Қойтанова, Ш.Е. Альпеисова // Проблемы агрорынка.-2018.-№ 4.-Б. 14–21.

8 Жақсыбаев, Қ.Р. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық қызметі [Мәтін] / Қ.Р. Жақсыбаев // Проблемы агрорынка.-2018.-№2.- Б. 50–58.

9 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 894 қаулысы [Мәтін].- Алматы: Аккорды, 2017.- 217 б.

10 Герасименко, О. А. К проблеме определения оптимального размера чистого оборотного капитала сельскохозяйственных организаций [Текст] / О.А. Герасименко, А.Э. Барабаш, А.В. Рыкулина // Международные научные исследования.- 2017.- №1.- С. 41-44.

Әдебиеттер тізімі

1 Samohvalova, A.Ju. Osobennosti upravlenija oborotnymi sredstvami v sel'skom hozjajstve Rossii [Tekst] / A.Ju Samohvalova, S.M. Klevcov // Tavricheskij nauchnyj obozrevatel'.- 2016.- № 7.- С. 66–69.

2 Cuglenok, O.M. Jekonomicheskoe soderzhanie oborotnyh sredstv v sovremennyh uslovijah [Tekst] / O.M. Cuglenok // Jepoha nauki.- 2018.- №16.-С. 151–153.

3 Gubina, A.Ju. Ocenka oborotnyh aktivov sel'skhozjajstvennoj organizacii v kontekste formirovanija finansovoj politiki [Tekst/ A.Ju. Gubina // Jekonomika i biznes: teorija i praktika.- 2018.-№9.- С. 69-73.

4 Dmitrieva, I.Ju. Modeli jeffektivnogo upravlenija oborotnymi aktivami v otrasljah sel'skogo hozjajstva [Tekst] / I.Ju. Dmitrieva, V.V. Vladimirov // Agrarnyj nauchnyj zhurnal.- 2015.- № 3.- С. 81-84.

5 Upravlenie pribyl'ju i ispol'zovanie oborotnogo kapitala v sel'skhozjajstvennyh organizacijah: kolektivnaja monografija / M.V. Shatohin. - Kursk: Delovaja poligrafija, 2016.- 126 s.

6 Gerasimenko, O.A. Problemy upravlenija oborotnym kapitalom organizacij APK [Tekst] /O.A. Gerasimenko, E.V. Gladchenko, Ju.O. Smirnova // Jekonomika i predprinimatel'stvo. –2016. - №12. – С. 70-74.

7 Zholmyhanova, A.Zh. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: мәселелер мен даму перспективалары [Мәтін] / А.Ж. Жолмұханова, Ә.Ж. Қойтанова, Ш.Е. Альпеисова // Problemy agrorynka.- 2018.-№ 4.-Б. 14–21.

8 Zhaksybaev, Q.R. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық қызметі [Мәтін] / Қ.Р. Жақсыбаев // Problemy agrorynka.-2018.-№2.- Б. 50–58.

9 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 894 қаулысы [Мәтін].- Алматы: Аккорды, 2017.- 217 б.

10 Gerasimenko, O.A. К проблеме определения оптимального размера чистого оборотного капитала sel'skhozjajstvennyh organizacij [Tekst] / O.A. Gerasimenko, A.Je. Barabash, A.V. Rykulina // Mezhdunarodnye nauchnye issledovanija. - 2017. - №1. - С. 41-44.